

**Қазақ әдебиеті пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге және
кешенді тестілеуге арналған тест спецификациясы**
(2018 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуде және
кешенді тестілеуде қолдану үшін бекітілген)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау үшін тусушілердің қазақ әдебиеті пәні бойынша дайындық деңгейін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест 3 деңгейде берілген 30 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші деңгейде – 15, екінші деңгейде – 8, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

| № | Бөлім | № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|----|--|----|--------------------------------|----|--|
| 01 | Ежелгі дүние әдебиеті | 01 | Көне түркі дәуіріндегі әдебиет | 01 | «Алып Ер Тоңа» дастаны, «Күлтегін жазуы» «Қорқыт ата кітабы» «Оғыз қаған» жыры |
| | | 02 | Ислам дәуіріндегі әдебиет | 01 | Әбунасыр әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Ахмет Йасауи |
| | | | | 02 | Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Рабғузи, Сайф Сараи |
| 02 | Ауыз әдебиеті | 01 | Ауыз әдебиеті - А | 01 | Тұрмыс-салт жырлары |
| | | | | 02 | Ертегілер |
| | | | | 03 | Мақал-мәтел, жұмбақтар |
| | | | | 04 | Аңыздар |
| | | | | 05 | Шешендік сөздер |
| | | 02 | Ауыз әдебиеті - Ә | 01 | Батырлар жыры. «Алпамыс батыр» |
| | | | | 02 | «Қобыланды батыр» |
| | | | | 03 | «Қамбар батыр» |
| | | | | 04 | Лира-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» |
| | | | | 05 | «Қыз Жібек» |
| | | | | 06 | Айтыс, түрлері |
| 03 | Жыраулар поэзиясы (XV – XVIII ғ. әдебиеті) | 01 | Жыраулар поэзиясы- А | 01 | Асан қайғы. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Қазтуған. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 03 | Доспамбет. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 04 | Шалкиіз жырау. Өмірі, шығармашылығы |
| | | 02 | Жыраулар поэзиясы- Ә | 01 | Жиёмбет. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Ақтамберді. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 03 | Үмбетей. Өмірі, |

| | | | | | |
|----|--|----|---|----|---|
| | | | | | шығармашылығы |
| | | | | 04 | Бұхар жырау. Өмірі, шығармашылығы |
| 04 | XIX ғасырдағы әдебиет | 01 | XIX ғ. I жартысындағы әдебиет | 01 | Махамбет Өтемісұлы |
| | | | | 02 | Дулат Бабатайұлы. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 03 | Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы |
| | | 02 | XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар | 01 | Шоқан Уалиханов. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Ыбырай Алтынсарин. Өмірі, шығармашылығы |
| | | 03 | Абай Құнанбайұлы | 01 | Өмірі, өлеңдері |
| | | | | 02 | Поэмалары мен қарасөздері |
| | | 04 | XIX ғ. II жартысындағы әдебиет. Ақын - сазгер - әншілер | 01 | Біржан сал, Ақан сері |
| | | | | 02 | Ә. Найманбаев, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ |
| | | 05 | XX ғ. I жартысындағы әдебиет | 01 | XX ғ. басындағы әдебиет- А |
| 02 | Ахмет Байтұрсынов. Өмірі, шығармашылығы | | | | |
| 03 | Жүсіпбек Аймауытов. Өмірі, шығармашылығы | | | | |
| 04 | Міржақып Дулатов. Өмірі, шығармашылығы | | | | |
| 05 | Мағжан Жұмабаев. Өмірі, шығармашылығы | | | | |
| 06 | Сұлтанмахмұт Торайғыров. Өмірі, шығармашылығы | | | | |
| 02 | XX ғ. басындағы әдебиет-Ә | | | 01 | Сәкен Сейфуллин. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Ілияс Жансүгіров. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 03 | Бейімбет Майлин. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | | |
| 06 | Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет | 01 | Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет- А | 01 | Қасым Аманжолов. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Жамбыл Жабаев. Өмірі, шығармашылығы |
| | | 02 | Мұхтар Әуезов | 01 | Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | 20-30 ж. әңгімелері, аудармалары |
| | | | | 03 | Драматургиясы |
| | | | | 04 | Романдары. «Абай жолы» роман-эпопеясы |
| | | 03 | Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет- Ә | 01 | Сәбит Мұқанов. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 02 | Ғабит Мүсірепов. Өмірі, шығармашылығы |
| | | | | 03 | Ғабиден Мұстафин. Өмірі, |

| | | | | | шығармашылығы |
|----|---|----|---|----|---|
| 07 | Әдебиет теориясы | 01 | Көркемдегіш, бейнелеуіш құралдар. | 01 | Троп және оның түрлері |
| | | | | 02 | Фигура және оның түрлері |
| | | | | 03 | Өлең құрылымы, ұйқасы |
| 08 | XX ғасырдың II жартысындағы әдебиет | 01 | XX ғ. II жартысындағы поэзия | 01 | М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев |
| | | | | 02 | Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Молдағалиев |
| | | | | 03 | О.Сүлейменов, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденов |
| | | | | 04 | Т.Айбергенов, Қ.Бекхожин |
| | | 02 | XX ғ. II жартысындағы проза мен драматургия | 01 | І.Есенберлин, Х.Есенжанов |
| | | | | 02 | Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы, М.Иманжанов |
| | | | | 03 | М. Мағауин, Д.Исабеков, Қ.Мұхаметжанов |
| | | | | 04 | О.Бөкей, Қ.Жұмаділов, Б.Соқпақбаев |
| | | | | 05 | Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, С.Жүнісов |

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Әдебиет пәні бойынша:

Ежелгі дүние әдебиеті: көне түркі әдебиеті мен орта ғасырдағы түркі халықтарына ортақ әдеби жазба ескерткіштерінің тарихы мен түрлерін меңгеруі;

Ауыз әдебиеті: қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының (тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс) негізгі белгілерін, түрлерін саралай білуі;

XV-XVIII ғ. әдебиет: жыраулық өнер және жыраулар поэзиясының даму кезеңдерін, жыраулар тұлғасы мен шығармашылығын, тіл көркемдігі мен жанрлық сипатын меңгеруі;

XIX ғ. әдебиеті: әр түрлі әдеби ағымдардың пайда болуына байланысты тектері мен жанрларына сәйкес талдауды, XIX ғ. әдебиет өкілдерінің шығармашылығының көркемдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық мәнін айқындауы; демократтық, ағартушылық бағыттағы әдебиет, жаңа әдеби ағымдар мен бағыттар, әнші - сазгер ақындар поэзиясының шығармашылық ерекшеліктерін білуі;

XX ғ. әдебиеті: даму сипаты, мазмұн, түр, тақырып пен идея жағынан жаңа сатыға көтерілуі, әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдерінің шығармашылығын меңгеруі;

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет: Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдерін білуі;

Қазіргі әдебиет: қазіргі кезең әдебиетінің бағыттарын, үлгілерін, жекелеген үздік туындыларын оқып, жанрлық ерекшелігін зерделей білуі;

Әдебиет теориясы: көркем шығармаға қатысты тақырып, идея, сюжет, композиция, көркем бейне, типтік образ, әдеби мінез, көркем бейнелеу құралдары секілді әдеби-теориялық ұғымдарды білуі, олардың көркем туындыдағы қызметін танып, талдай алуы керек.

4. Тапсырма формасы:

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан және бірнеше жауап нұсқасынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы дұрыс орындалғанда 1 балмен, дұрыс орындалмағанда – 0 балмен бағаланады.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (3 дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмалары төмендегідей жолмен бағаланады:

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты немесе екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Тест тапсырмасы толығымен орындалғанда түсуші 40 балл жинайды.